

«BI PEOPLE» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

(ЖАРИЯ ОФЕРТА)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 210340031727, «BI Group» компаниялар тобының атынан әрекет ете отырып (бұдан әрі — Ұйымдастырушы), осы құжатпен (бұдан әрі — Оферта) жеке тұлғаларды осы Офертада көзделген шарттар негізінде «BI People» адалдық бағдарламасына (бұдан әрі — Бағдарлама) қатысуға шақырады.

1.2. Осы Офертаны акцептеу Қатысушының Оферта талаптарымен келісімін растайтын әрекеттерді жасауы, атап айтқанда, Ұйымдастырушының ресми сайтында сауалнаманы толтыруы және жіберуі болып табылады.

1.3. Акцептеу сәтінен бастап Қатысушы осы Шарттарды ешқандай ескертусіз және толық көлемде қабылдаған болып есептеледі.

1.4. Егер Ұйымдастырушы белгілемесе және бұл туралы сайтта жарияламаса, Оферта мерзімсіз болып табылады.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

2.1. «BI People» бағдарламасы бағытталған:

- клиенттердің қанағаттану деңгейін (NPS) арттыру;
- BI Group нысандарында тұратын тұрғындардың адал қауымдастығын қалыптастыру;
- пайдаланушылардың оқиғаларын, пікірлерін және өзге де контентті жинау, жасау және тарату.

3. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Бағдарламаға 18 жасқа толған, әрекет қабілеттілігі бар және төмендегі санаттардың біріне жататын жеке тұлға Қатысушы бола алады :

- BI Group жылжымайтын мүлік нысанының меншік иесі;
- BI Group жылжымайтын мүлік нысанын жалға алушы немесе пайдаланушы.

3.2. Қатысушы ұсынатын барлық деректердің дұрыстығына, толықтығына және өзектілігіне кепілдік береді. Деректер өзгерген жағдайда, Қатысушы Ұйымдастырушыға бұл туралы дереу хабарлауға міндетті.

3.3. 3.1-тармақта көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін Қатысушы сауалнама жіберуге құқылы емес. Аталған факт анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы Қатысушының Бағдарламаға қатысуын жоюға құқылы.

4. ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

4.1. Бағдарламаға қатысу үшін Бағдарламаның ресми сайтында сауалнаманы толтырып, жіберу қажет.

4.2. Сауалнаманы жіберу кепілдік бермейді:

- жарияланымдарға немесе жарнамалық материалдарға қатысуға;
- қандай да бір артықшылықтар, жеңілдіктер немесе сыйақылар алуға.

4.3. Ұйымдастырушы өзіне мынадай құқықтарды қалдырады:

- Қатысушыларды өз қалауы бойынша іріктеу;
- өтінімдерді себептерін түсіндірместен қабылдамау;
- сайтта жариялау арқылы Қатысушыларды хабардар ете отырып, Бағдарламаны тоқтата тұру немесе тоқтату.

5. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

5.1. Қатысушы Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес төмендегі дербес деректерді жинауға, жазуға, жүйелеуге, сақтауға, нақтылауға, пайдалануға, беруге (таратуға, ұсынуға, қолжетімділікті қамтамасыз етуге) және жоюға ерікті түрде келісім береді:

- тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

- байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы);
- тұрғылықты жері / жылжымайтын мүлік нысаны туралы мәліметтер;
- Қатысушы ұсынған фото-, бейнематериалдар және өзге де материалдар.

5.2. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары:

- «BI People» Бағдарламасын іске асыру;
- Бағдарлама шеңберінде Қатысушымен байланыс орнату;
- Ұйымдастырушының маркетингтік және жарнамалық іс-шараларын жүргізу.

5.3. Бағдарламаны іске асыруға тартылған үшінші тұлғаларға (мердігерлерге, агенттерге) дербес деректерді беру деректерді өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті көлемде ғана және олардың Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасының талаптарын сақтау шартымен жүзеге асырылады.

5.4. Дербес деректерді өңдеуге берілген келісім Офертаны акцептеген сәттен бастап қолданылады.

6. КЕСКІНДЕР МЕН КОНТЕНТТІ ПАЙДАЛАНУҒА КЕЛІСІМ

6.1. Қатысушы Ұйымдастырушыға Бағдарлама шеңберінде Қатысушы ерікті түрде ұсынған барлық материалдарды, оның ішінде фотосуреттерді, бейнежазбаларды, мәтіндік пікірлерді және өзге де материалдарды өтеусіз және қайтарып алынбайтын негізде пайдалануға құқық береді.

6.2. Осы Офертада берілген құқықтар шеңберінде Ұйымдастырушы құқылы:

- материалдарды жарнамалық мақсаттарда, әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында қайта жаңғыртуға, жариялауға және таратуға;
- материалдарды редакциялауға, бейімдеуге, аударуға және қайта өңдеуге;
- материалдарды Қатысушының аты-жөнін көрсете отырып та, көрсетпей де — Ұйымдастырушының қалауы бойынша пайдалануға.

6.3. Құқық мерзіміне және аумағына шектеусіз беріледі.

6.4. Қатысушы растайды және кепілдік береді:

- берілген барлық материалдарға қатысты құқық иеленуші болып табылатынын (немесе тиісті түрде уәкілеттік берілген тұлға екенін);
- материалдарды беру және пайдалану үшінші тұлғалардың авторлық, сабақтас және өзге де құқықтарын бұзбайтынын;
- материалдарда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратуға тыйым салынған мәліметтер жоқ екенін.

7. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

7.1. Қатысушы ерікті түрде ұсынған барлық материалдарды Ұйымдастырушы осы Шарттардың 6-бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкес авторлық сыйақы төлеместен пайдалана алады.

7.2. Қатысушы Офертаның талаптарына сәйкес материалдарды пайдалануға байланысты Ұйымдастырушыға мүліктік талаптар қоюға құқылы емес.

7.3. Бағдарлама шеңберінде Ұйымдастырушы дербес немесе үшінші тұлғалардың қатысуымен жасаған материалдарға қатысты барлық құқық Ұйымдастырушыға тиесілі.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Қатысушы төмендегілер үшін жауапты болады:

- ұсынылатын ақпарат пен материалдардың дұрыстығы және заңдылығы;
- материалдардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі.

8.2. Үшінші тұлғалар Қатысушы ұсынған материалдарға байланысты шағымдар немесе талап-арыздар қойған жағдайда, Қатысушы мұндай талаптарды өз бетінше және өз есебінен реттеуге, сондай-ақ осыған байланысты Ұйымдастырушы шеккен залалдарды өтеуге міндетті.

8.3. Ұйымдастырушы Бағдарламаның сайтында орын алған өзіне байланысты емес техникалық ақаулар үшін жауапты болмайды.

9. ШАРТТАРДЫ ӨЗГЕРТУ

9.1. Ұйымдастырушы осы Офертаға біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы.

9.2. Өзгерістер, егер хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе, Ұйымдастырушының ресми сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

9.3. Өзгерістер жарияланғаннан кейін Бағдарламаға қатысуды жалғастыру Қатысушының жаңартылған Шарттармен келісетінін білдіреді.

10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

10.1. Осы Шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

10.2. Осы Шарттардан туындайтын немесе оларға байланысты туындаған барлық даулар келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі. Егер жазбаша талап қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде келісімге қол жеткізілмесе, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша соттың қарауына беріледі.

11. ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

Ұйымдастырушы:

«Билдинг Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН 210340031727

Мекенжайы: Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы,

Самар ауылдық округі, Самарское ауылы,

Ы.Алтынсарин көшесі, 2-үй, 2-пәтер

e-mail: infosales@bi.group

ЖСК KZ58601A871000715831

Банк «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БСК HSBKKZKX

ҚАТЫСУШЫНЫҢ КЕЛІСІМІ

Сауалнаманы жібере отырып, мен төмендегілерді растаймын:

- *«BI People» бағдарламасына қатысу шарттарымен толық көлемде таныстым және оларды ешқандай ескертусіз қабылдаймын;*
- *Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, Офертаның 5-бөлімінде көрсетілген мақсаттарда дербес деректерімді өңдеуге ерікті түрде келісім беремін;*
- *Ұйымдастырушыға мен ұсынған материалдарды (оның ішінде фото, бейне және мәтіндік пікірлерді) мерзімі мен аумағына шектеусіз маркетингтік және жарнамалық мақсаттарда пайдалануға өтеусіз құқық беремін;*
- *әрекет қабілеттілігі бар, 18 жасқа толған жеке тұлға болып табыламын.*